



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҮГІНГІ ЕҢБЕК – ЕРТЕҢГІ ЖЕҢІС



Тұрысбек Мыятбековтің өмірі болашағын сот саласымен байланыстырғысы келген жандарға тамаша үлгі. Қарапайым сот орындаушы қызметінен жұмысын бастаған әріптесіміз облыстық соттың төрағасы болған тұсында құрметті демалысқа шықты. Мәртебесі биік, абыройы жоғары сот саласында сын садағына ілінбей, халық іліпатына бөленіп еңбек ету екінің бірінің қолынан келмейді. Тұрысбек Ерболғанұлы кәсібіне деген адалдығы мен жұмысқа деген жауаптылығының арқасында өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз атқарды. Сонымен де елдің сүйіктісіне, саласының білгіріне айналды.

Тұрысбек Ерболғанұлы – мықты заңгерлерді дайындаудың бірегей мектебі саналатын Қазақ Ұлттық университетінде білім алды, заң корифейлерінің дәрісін тыңдап, құқықтану саласының қыр-сырын меңгерді. Сот саласындағы еңбек жолын 1981 жылдың тамыз айында Алматы қаласы Алатау аудандық халық сотында сот орындаушы қызметінен бастап, аға сот орындаушы қызметіне дейін көтерілді.

Атқарушылық саланың қыр-сырын жетік меңгерген әріптесіміз кейіннен өзін заңгер ретінде сынап көрген еді. Осылайша шағын кәсіпорында заңгер қызметін атқарған ол қоғамдық қарым-қатынастардың құқықтық қырына мейлінше терең мән берді. Ал судья ретінде қызметке араласуы 1996 жылдан бастау алады.

(Жалғасы 5-бетте)



Қытайда 7-14 ақпан күндері өткен ІХ Қысқы Азия ойындарында Қазақстан 4 алтын, 9 күміс, 7 қола медальмен жалпыкомандалық есепте 4-орынға шықты. Үздік үштікке Қытай (32 алтын, 27 күміс, 26 қола), Корея (16 алтын, 15 күміс, 14 қола), Жапония (10 алтын, 12 күміс, 15 қола) құрамалары енді. 2022 жылы Қытайда болған XXIV Қысқы Олимпиада ойындарында Қытай – 3, Жапония – 12, Корея – 14, Қазақстан – 34 орын алған болатын.

(Жалғасы 3-бетте)

САРАП

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдай жасалады. Бас құжаттың 25-бабының негізінде тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді.

ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРДЕН ШЫҒАРУҒА ҚАТЫСТЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ТӘЖІРИБЕСІ

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 8-бабында көрсетілгендей тұрғын үйге құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды сот шешеді. Азаматтарды және заңды тұлғаларды, олардың тұратын тұрғын үй-жайларынан тек осы заңда белгіленген тәртіп бойынша, сот шешімінің негізінде ғана шығаруға болады.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заң әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз етуді және аталған бағыттағы мемлекет саясатының негіздерін айқындайды және әскери қызметшілерге мемлекеттік қордан тұрғын үймен қамтамасыз ету құқығына кепілдік береді.

Қызметтік тұрғынжай – мемлекеттік мекеменің тұрғынжай қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындау кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимі бар тұрғынжай болып есептеледі (ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 2-бабының 20) тармақшасы).

(Жалғасы 2-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

ІСКЕ СӨТ!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Берік Уәли Абай облысының әкімі болып тағайындалды. Облыстық мәслихат жиналысында Мемлекет басшысы ұсынған екі кандидаттың арасынан 126 депутаттың 102-сі Берік Уәлиге, 24-і Курчатова қаласының әкімі Болат Әбдіралиевке дауыс берді. Облыстың жаңа жетекшісін облыс активіне таныстырған Үкімет басшысы жаңа басшылықтың алдына Президенттің экономиканы әртараптандыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға баса назар аудара отырып, өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту жөнінде ауқымды міндеттер қойғанын атап өтті.



Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды. Облыстық мәслихатта депутаттардың 104-і Нұрымбет Аманұлына, 41-і Ұлан ауданының әкімі Арман Бекбосыновқа дауыс берген болатын.



Жаңа әкімді облыс активіне таныстырған Премьер-Министр Мемлекет басшысының Шығыс Қазақстан облысының жаңа басшылығының алдына қойған міндеттеріне тоқталды.

3-бет



Көлік шығару ісінде қарқын жоғары

6-бет



«Ұлт бірлігін нығайтудың тірегі – идеология»

8-бет



Сынбас семсер

САРАП

ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРДЕН ШЫҒАРУҒА ҚАТЫСТЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ТӘЖІРИБЕСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Азаматтарды тұрғын үйден шығару мәселесін қарау барысында, оның қай негізде ол тұрғын үйде тұрып жатқандығын (жалдау, сатып алу-сату шарттары, мұра және басқа да жағдайлар) анықтау қажет.

Азаматтардың тұрғын үйге құқықтарының басты принциптері, формалары және оларды жүзеге асырудың тәртіптері «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңымен реттелген. Меншік иесінің отбасы мүшелерін және басқа да тұрғындарды тұрғын үйден шығаруға, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 30-бабында белгіленген негіздер бойынша, тұрғын үйге меншік құқығы тоқтатылған жағдайда ғана рұқсат етіледі және ол түбегейлі болып табылады.

Жалдаушыны, (қосымша жалдаушыны) оның отбасы мүшелерін немесе онымен бірге тұратын басқа адамдарды басқа тұрғын үй бермей шығаруға, егер:

- 1) олар тұрғын үйді үнемі қиратса немесе бүлдірсе;
- 2) олар тұрғын үйді «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 4-бабының талаптарын бұза отырып пайдаланса;
- 3) олар жатақхана ережелерін үнемі бұзу арқылы басқалардың өздерімен бір бөлмеде немесе бір тұрғын үйде тұруына мүмкіндік бермейтін болса;
- 4) олар дәлелді себептерсіз тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеуден қатарынан алты ай бойы жалтарса;
- 5) адамдар ата-аналық құқығынан айырылған болса және олардың ата-аналық құқықтарынан айырылуына байланысты балаларымен бірге тұруы мүмкін емес деп танылса;
- 6) адам тұрғын үйге өз бетімен басып кіріп алса;
- 7) тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 108-бабындағы 1-тармақта көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылса;
- 8) олар меншік құқығымен орналасқан жеріне қарамастан өзге тұрғын үйді сатып алған болса;
- 9) «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 111 (101-баптың 3-тармағында, 109-баптың 2-тармағында көзделген реттерді қоспағанда) және 114-бабында көзделген негіздер пайда болса, басқа тұрғын үй берместен шығаруға жол беріледі.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 103-бабының 2-бөлігіне сәйкес, мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерден және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерден шығаруға жалдау (қосымша жалдау) шарты бұзылған реттерде, сондай-ақ осы заңда көзделген басқа негіздер бойынша жол берілетіндігі белгіленген. Сол

сияқты, осы заңның 107-бабының 8-бөлігіне сәйкес, жалдаушыны (қосымша жалдаушыны), оның отбасы мүшелерін немесе онымен бірге тұратын басқа адамдарды, егер олар меншік құқығымен орналасқан жеріне қарамастан өзге тұрғын үйді сатып алған болса, басқа тұрғын үй бермей шығаруға жол берілетіндігі көрсетілген.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 111-бабы 1-тармағы бойынша осы заңның 109-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастарына байланысты қызметтік тұрғын-жай беріліп, ол қатынастарды тоқтатқан жұмыскерлер, оның ішінде лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері өздерімен бірге тұратын барлық адамдармен қоса, басқа тұрғын үй-жай берілместен шығарылуға тиіс деп көрсетілген.

«Ақшалай өтемақыны жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы №50 қаулысының 10-тармағына сәйкес, ақшалай өтемақы алушылар ақшалай өтемақы жүзеге асырылған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей қызметтік тұрғын үйді белгіленген тәртіппен тапсыратыны қарастырылған.

Азаматтық кодекстің 264-бабының меншік иесі, өз құқықтарының бұзылуы иеліктен айыруға байланысты болмағанымен, оларды бұзудың қандайын болса да жоюды талап етуге құқылы.

Сот қызметтік пәтерден шығару туралы істі қараған кезде, әдетте, келесі негізгі мәселелерге назар аударады:

- Шығару негіздері:**
Еңбек қатынастары немесе қызметтік пәтерде тұруға құқық беретін басқа да негіздер заңды түрде тоқтатылды ма?
Жауапкердің басқа баспанасы бар ма?
Жауапкер жалдау шартының талаптарын немесе қызметтік тұрғын үйді пайдаланудың өзге де ережелерін бұза ма?
Отбасы мүшелерінің құқықтары: Жауапкердің отбасы мүшелері қызметтік пәтерде тұруға құқылы ма?
Олай болса, олардың тұрғын үй құқығын сақтауға қандай негіздері бар?
Әлеуметтік кепілдіктер:
Жауапкерге және оның отбасы мүшелеріне басқа тұрғын үй немесе өтемақы нұсқалары берілген бе?
Жауапкердің әлеуметтік жағдайлары (мысалы, кәмелетке толмаған балалардың, қарт туыстарының болуы) ескеріле ме?

Шығару рәсімін сақтау:
Талап қою және істі қарау кезінде барлық қажетті процедуралық талаптар орындалды ма?

Жауапкерге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік берілді ме?

Маңызды нюанстар:
Қызметтік тұрғын үйдің ерекшелігі: сот қызметтік тұрғын үй еңбек немесе басқа қызметтік қатынастарға байланысты берілетінін ескереді және бұл қатынастарды тоқтату әдетте пәтерді босату қажеттілігін тудырады.

Шағымдану мүмкіндігі: сот шешіміне жоғары тұрған сатыға шағым жасалуы мүмкін.

Сот талқылауы барысында туындауы мүмкін қосымша сұрақтар:

Жауапкер мен жұмыс берушінің еңбек қатынастарының сипаты қандай?

Бұл қарым-қатынас қашан тоқтады?

Жауапкердің қызметтік пәтерде тұру құқығын қандай құжаттар растайды?

Жауапкердің коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша бөрішегі бар ма, немесе жалдау шартының талаптарын бұзған кезі болды ма?

Бұл анықталатын сұрақтардың толық тізімі емес. Әр істің нақты жағдайлары қосымша аспектілерді қарастыруды қажет етуі мүмкін. Сот шешімі әр істің нақты жағдайларын ескере отырып қабылданады.

Әскери қызметшілерді қызметтік үйден шығару процесінде олардың құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілуге тиіс. Келіспеушілікті болдырмау және әскери қызметкерлер құқығының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық заңды рәсімдерді сақтау маңызды. Қызметтік үйден шығару әскери қызметкерлердің, әсіресе отбасы барлардың әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін. Қолжетімді баспана табу оларға қиынға соғатыны анық. Тұрғын үй қиындықтары әскери қызметкерлер үшін қосымша қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін, бұл олардың сатып алу қабілетін төмендетеді және стресс деңгейін арттырады.

Қазақстандағы әскери қызметшілерді қызметтік тұрғын үйлерден шығару теңгерімді көзқарасты талап ететін күрделі және көп қырлы процесс. Экономикалық және әкімшілік аспектілерді де, әскери қызметкерлер үшін әлеуметтік салдарды да ескеру маңызды.

Зарина РАХМЕТОВА,
Алматы гарнизоны әскери сотының судьясы

ТАҒЫЛЫМ

Ахмет Байтұрсынұлы – бүкіл өмірін қазақ тілінің дыбыстар жүйесін зерттеуге арнаған қоғам қайраткері. 1910 жылы А.Байтұрсынұлы Орынборда өзінің ең сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарады.

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ!



Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. А.Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болып, «Қазақ» газетіне жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шығады. Ол «Қазақ» газеті арқылы Қазақ съездері мен Қазақ комитеттеріне саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Арда азамат 1910 жылдан бастап қазақ графикасын жасауға кіріседі. Байтұрсынұлының 1912 жылы жарыққа шыққан «Оқу құралы» – қазақша жазылған тұңғыш әліппенің бірі.

Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме құралы болып әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Оның «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арнаған бөлімі жарық көрді. Бұл еңбек қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып табылады.

А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп еңбек етеді. Тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. Ұлт ұстазы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазының бұл саласын байытуға мол үлес қосқан. А.Пушкин, М.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Надсон өлеңдерін қазақ тіліне аударды. А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Ол әдебиет тарихына тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасаған. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді терминге алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді.

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өткен қайраткер. Ұлағатты қоғам қайраткері 1922–1925 жылдары Қазақ Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылады да, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды. 1937 жылы 8 қазанда қайта тұтқынға алынған қайраткер бірнеше айға созылған тергеуден соң, 1938 жылы ақпан айында атылады.

Соңына өшпес із қалдырған Байтұрсынұлы мұғалімдерге арнап «Баяншы» деген әдістемелік кітап жазды. Қазіргі таңда 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге А.Байтұрсынұлы есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай мемлекеттік университеті А.Байтұрсынұлының есімімен аталды. 1998 жылы А.Байтұрсынұлының мұражайы үйі мен ескерткіші ашылды.

Қорытындылай келе айтатыным, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның іргетасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. Қазақ тілін араб әріптері негізінде құрды. Қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазумен бірге, қазіргі таңдағы әр оқушыға асыл мұра қалдырған, ел тағдырының келешегіне алаңдаған ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

М. КУСМАНОВА,
Жарма аудандық соты әкімшісі басшысы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – ЕЛІМІЗДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БЕЛЕС

Құқық – мемлекеттің тірегі. Заң үстемдігі, әділдік пен теңдік қағидалары қоғамның тұрақтылығы мен дамуының басты кепілі екені бесенеден белгілі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері құқықтық жүйені жетілдіру бағытында ауқымды реформалар жүргізді, жүргізіліп те жатыр. Соның бірі – сот жүйесін кезең-кезеңімен реформалау. Осы орайда Қазақстанда кассациялық соттың құрылуы – әділ сот төрелігін қамтамасыз етудегі маңызды шешім.

Бұл қадам – еліміздің сот жүйесінің халықаралық стандарттарға сай жаңаруының айқын дәлелі. Әлемдік тәжірибеде кассациялық соттар әділдік пен заңдылықтың ең жоғарғы бақылаушысы ретінде қызмет етеді. Демек, Қазақстандағы жаңа сот инстанциясы да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қосымша кепіліне айналғалы тұр.

Кассациялық сот – құқықтық қателіктерді түзетуге арналған жоғарғы инстанция. Оның негізгі міндеті – төменгі соттардың шешімдерін қайта қарап, әділетсіз немесе заңсыз үкімдерге жол бермеу. Бұл институттың енгізілуі азаматтар мен заңды тұлғаларға бірнеше маңызды артықшылық береді. Дәлірек айтқанда, кассациялық соттың құрылуы сот

шешімдерінің сапасын арттырады. Сонымен қатар, төменгі инстанциялардағы қателіктерді түзету арқылы әділеттілікті қамтамасыз етеді. Тағы айта кетерлігі, жаңа сот реформасы құқықтық жүйеге деген сенімді күшейтеді. Азаматтар сот төрелігінің дұрыстығына одан әрі сенімді бола алады. Сот процесінің ашықтығын да ерекше атап өткен жөн. Кассациялық сот шешімдері көпшілікке қолжетімді болады, бұл әділ сотқа деген сенімді үдете түсетін бірден-бір фактор десек, артық айтқанымыз емес.

Қазақстанда бұрын апелляциялық сот инстанциясы негізгі бақылаушы рөлін атқарып келді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, кейбір істер бойынша қосымша тексеріс қажет болып

жатты. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін дербес кассациялық сот институты енгізілгені отыр.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда кассациялық сот ресми түрде өз жұмысын бастайды. Бұл сот инстанциясы төменгі соттардың шешімдерін заңдылық тұрғысынан қайта қарауға құзыретті.

Кассациялық соттың негізгі ерекшеліктері: Толық тәуелсіздік. Бұл инстанция төменгі соттардың шешімдерін әділ әрі бейтарап қарауға мүмкіндік береді.

Жоғары білікті судьялар. Кассациялық сотқа тек тәжірибелі және беделді судьялар тағайындалады.

Барлық құқықтық салаларды қамту. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және экономикалық істер қарастырылатын болады.

Бұған дейін кассациялық шағымдар Жоғарғы Соттың құзырында болған. Жаңа реформа сот процесін нақты құрылымға бөліп, істердің сапалы әрі әділ қаралуына жағдай жасайды.

Қазақстандағы сот реформалары халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді. Әлемнің көптеген елінде кассациялық соттар әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің негізгі институттарының бірі болып есептеледі. Франция, Германия, АҚШ, Жапония секілді елдерде кассациялық соттар сот жүйесінің сенімділігін арттырып, құқықтық жүйені жетілдіруге септігін тигізді. Қазақстан да осы үлгіні қабылдап, сот жүйесін одан әрі нығайтуды көздейді. Бұл реформаның маңызды аспектілерінің бірі – судьялардың кәсіби деңгейін көтеру. Кассациялық сот судьялары арнайы дайындықтан өтеді, бұл олардың сот процесіне терең талдау жасауына мүмкіндік беретінін есте сақтауымыз қажет.

Құқықтық әділдік – мемлекеттің беделі. Сот жүйесінің әділдігі – мемлекеттің демократиялық қағидаларға қаншалықты адал екендігінің көрсеткіші. Қазақстанда сот реформалары жүйелі түрде жүргізіліп, әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге бағытталған. Кассациялық соттың құрылуы заң үстемдігін бекіту жолындағы маңызды қадам іспеттес.

С.РУСТЕМОВ,
Қызылорда облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҮГІНГІ ЕҢБЕК – ЕРТЕҢГІ ЖЕҢІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер тарихқа көз жүгіртер болсақ, Қазақстанның жеке мемлекет ретінде Қысқы Олимпиада ойындарындағы ең жоғарғы көрсеткіші 1994 жылы тіркелген екен. Онда да тек 29-орын болғанын, ал құрлықтағы басты үш бәсекелесіміз әрдайым бізден жоғары көрсеткішке ие болғанын ескерсек, ұлттық құрамдан Азия ойындарында 4-орыннан жоғары нәтиже күтуге еш негіз жоқ.

Өкінішке қарай, соңғы күндері әлеуметтік желіде «Қазақстан үшін ең сәтсіз өткен Азия ойындары», «қысқы спорттың жағдайы қыл үстінде», «Қазақстан қысқы спортта Азияда көшбасшы болу керек» деп жазып жатқандардың сөзі елдегі және әлемдегі қысқы спортты үнемі қадағалап отырған адамның пікірі деу қиын. Өзін сарапшы ретінде көрсеткіші келгендер әрдайым табиғи жағдайды алға тартып, Қазақстанда қысқы спортты дамыту өзге Азия елдеріне қарағанда жеңіл дегенді көп айтады. Олар қысқы спорт тек табиғи жағдайға ғана байланысты еместігін, оны дамыту үшін ең алдымен спортшыларды кәсіби түрде оқытып, білімі мен тәжірибесін үздіксіз жетілдіріп отыратын ғылыми орталық керек екенін аса ескермейді. Онсыз жасалған тірлік тек қысқа мерзімдік нәтижемен ғана шектеліп, дамуда тұрақтылық болмайтынын спорт саласына жауапты құзырлы органдардағы басшылар да дұрыс бағаламады. Сондықтан министрден бастап, спорт комитеті мен Ұлттық олимпиада комитеті төрағалары, федерация жетекшілері мен ұлттық команданың бас бапкерлеріне дейінгілердің бәрі осы уақытқа дейін тек өзінің басшылық қызметтегі көрсеткішін жақсартуды ойлап жауапкершіліктен оңай сытылып кетті. «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылады» дегендей, оның аяғы спортшылардың допинг дауына ілігіп, бүкіл атақ-абыройынан айырылуына дейін жетіп жатыр. Алайда одан сабақ алған жауапты мемлекеттік орган басшысы да, спортшы да, бапкер де әлі байқалмайды. Өйткені қолданыстағы заң спортқа тән емес жолмен жетістікке жеткен спортшы мен оның бапкерін ғана емес, оның осы әрекетке баруына себепкер болған өзге де адамдарды жауапқа тартуға

қауқарсыз. Оны спорт саласында өзінің заңсыз әрекеті үшін күдікке ілініп, қылмыстық іс қозғалғанымен, бәрінің тек жемқорлыққа қатысты айыппен ғана тергеліп, сот үкімімен жазаланып келе жатқанынан байқауға болады.

Спортшыларды ынталандырамыз дегенді желеу етіп сала басшылары Олимпиада мен Паралимпиада ойындарының жеңімпазы мен жүлдегерлеріне және өзге де бірқатар мамандарға берілетін бір реттік сыйақы көлемін заңдастыруға құмартып алды. Алайда одан көрсеткішіміз жақсарып кеткен жоқ. Өз спортшыларын қолдап, олардың көрсеткішін жақсартуға барынша жағдай жасағанша, оңай жолмен сырттан легионер тартқанды жөн көретіндер әкімдер мен федерация басшыларына жағалауы барлық өңірде жұқпалы әдетке айналды. Тіпті спорттық мансабын аяқтайтын уақыт жақындаған кезде ұлттық біріншілікте жақсы нәтиже көрсетті деген желеумен ұлттық құрамаға алынып, азаматтыққа да оңай қол жеткізген кейбір легионерлер Қазақстан атынан Олимпиадаға қатысып, тәжірибе жинайтын алтын уақытын жоғалтып, спорттық мансабын аяқтауға мәжбүр болуда. Бұған бас ауырып, балтыры сыздайтын жандар әзірге билік органдарында аз. Сондықтан жан басына шаққандағы спорт нысандарының жан басына шаққандағы республикалық және халықаралық нормативке сай



азаматтықтан бас тартып, келген жағына кері қайтудан қысылмайтын болды. Ал мұндай келісімдердің кесірінен құрамада көлеңкеде қалған спортшыларымыз халықаралық, құрлықтық және Әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындары сияқты байрақты бәсекелерге қатысып, тәжірибе жинайтын алтын уақытын жоғалтып, спорттық мансабын аяқтауға мәжбүр болуда. Бұған бас ауырып, балтыры сыздайтын жандар әзірге билік органдарында аз. Сондықтан жан басына шаққандағы спорт нысандарының жан басына шаққандағы республикалық және халықаралық нормативке сай

болуын қадағалап, оны түгендеп отыруға тиісті спорт басқармалары жергілікті әкімдік пен мәслихаттардың алдына бұл мәселені төтесінен қойып, оны шешуге бастамашы болып жүргенін ешкім ешқашан көріп, естіп жатқан жоқ. Тіпті кейбірі өңірдегі қордаланған мәселені шешпек тұрмақ ол туралы ашық айтудан да қорқатын жағдайда. Сондықтан бір жерде жаңадан балаларға қандай

Харбиндегі биылғы Азия ойындарына Маңғыстау, Түркістан, Ұлытау, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау мен Жетісу облысынан бірде-бір спортшы қатыспады. Ал спортшылары жүлде алған 12 өңірдің тізімін Астана қаласы мен Ақмола, Қарағанды облыстары бастап тұр. Оны қоржындарында жалғыз медальдері бар Алматы мен Солтүстік Қазақстан облыстары түйіндесе, Маңғыстау мен Жетісу облыстары спортшымыз қатысты дегенді қанағат тұтты.

Азия ойындарына Олимпиада кеңесіне мүше 45 елдің 34-інен 1275 спортшы қатысқан болатын. Онда 11 спорт түрінен 64 медальдар жиынтығы сарапқа салынып, Қытай, Корея, Жапония, Қазақстан, Филиппин, Өзбекстан, КХДР, Тайпей, Тайланд құрамаларына ғана жүлде бұйырды. Отандастарымыз жарыс бағдарламасына кірген 11 спорт түрінің 10-ы бойынша бақ сынаған. Тек кёрлинг (12), тау шаңғысы (8), ски-альпинизмнен (5) қатысқан спортшыларымыз ғана жүлдесіз қайтты. Осыған қарамастан тәп-тәуір өнер көрсетіп, ойындары көрермен көңілінен шықты.

Жалпы тау шаңғысы Азия ойындарының бағдарламасында бұрыннан болса, кёрлинг – 2003 жылдан, ски-альпинизм алғаш рет еніп отыр. Қазақстан Азия ойындарына 1996 жылы – 83, 1999 жылы – 88, 2003 жылы – 90, 2007 жылы – 104, 2011 жылы – 169, 2017 жылы – 116 спортшы қосқанымен, құрама сапында қарақөздеріміздің үлесі аздау болған еді. Бұл жолы өз ұландарымыз басым. «Өзіңнен тумай ұл болмас» дегендей сырттан келген кейбір спортшылар бұрын кейбір тартысты сәтте жеңіске жетуге барлық күш-жігерін салмағандай әсер қалдыратын. Сондай-ақ Азия ойындарында қатысқан елдер арасында құрамы ең жас команданың бірі ретінде де көңілге үміт отын жақты. Сол себепті 2026 жылы 6-22 ақпанда Италияда өтетін XXVI Қысқы Олимпиада ойындарында 2022 жылғы сәтсіздікті жақсартуға мүмкіндік бар. Онда фристайл (15), конькимен жүгіру (14), шаңғы жарысы (12), сноуборд (11), биатлон (11), тау шаңғысы (10), шорт-трек (9), шаңғымен тұғырдан секіру (6), мәнерлеп сырғанау (5), шана спорты (5), бобслей (4), скелетон (3), кёрлинг (3), шаңғы қоссайысы (3), ски-альпинизм (3) мен хоккейден (2) сарапқа салынатын 116 медаль жиынтығына үмітті спортшыларымыздың бабын келтіріп, бағын ашу басшылары ауысқан Туризм және спорт министрі мен Ұлттық олимпиада комитетінің төрағасы үшін маңызды сынақ болғалы тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сарапшы пікірі

Бауыржан ДОСҚАРАЕВ, педагогика ғылымдарының докторы, спорт зерттеушісі:

– Қысқы Азия ойындарының нәтижесі келесі жылғы Италияда өтетін Олимпиадаға дайындықтың деңгейін көрсетті деуге болмайды. Азияда жеңімпаз болғандар Олимпиадада жүлде алады деу қиын. Бізде спорттың дамуы әлі күнге инерциямен келе жатыр. Онда түпкілікті нәтижеге бағытталған жүйелі даму жоқ. Олимпиадада медаль алу өте қиын. Онда мықтылар дүниежүзінен жиналады. Азиядағы көрсеткіш мұнда ешқандай жүлдеге кепілдік бере алмайды. Сондықтан онда жоғары нәтижеге жету үшін ең алдымен бұқаралық спорттан шыққан таланттарға нақты көмек көрсетуді жолға қою керек. Бізде бұқаралық спорт ақпан тұр. Оған өтірік ақпараттың көптігі әсер етуде. Қазақстандағы спорттық жарыстарда әлі күнге дейін жүйе жоқ. Қазақстан біріншілігі, Қазақстан чемпионаты, Қазақстан кубогы сияқты ірі жарыстардың 4-5 кезеңнен тұратын өз жүйелері барын көп адам ұмытты.

Жалпы, Олимпиадаға дайындық 10 жылға созылады. Бірлі-жарым таланттар болады кейде 4 жылда жарқ етіп көрініп қалады. Бізде қазір осы алдағы Олимпиада ойындарында 100 пайыз жүлде алады дейтін спорттағы үлкен тұлғалар жоқ. Олимпиада қарсаңында әрбір спорт түрі бойынша өтетін Әлем чемпионатында 6 спорт жеңімпазын дайындаған күннің өзінде Олимпиадада оның екеуі ғана чемпион болуы мүмкін. Кезінде Владимир Смирнов Олимпиада алдындағы Әлем кубогы, Әлем чемпионатының бәрінде ұтып жүрді. Сондықтан оған кезінде үлкен сенім артылды. Қазір мұндай тұлғаларды өз басым көріп жүрген жоқпын.

Жалпы Олимпиада ойындарына қатысты болжамды спортшылар оған лицензия алған соң ғана, жан-жақты талдау жүргізіп қана жасауға болады. Біз өкінішке қарай, спорттық теориялық жасағын дамыған елдерден көп артта қалып жатырмыз. Бұқаралық спорттан таланттарды тауып, спорт мектептерінің жұмысын жан-дандырмай даму туралы айту қиын. Бізде олимпиадалық резерв өз міндетін орындай алмайды. Олар әрбір 4 жыл сайын өз мәртебесін қорғау керек. Ал қазір спорт колледжіне екінің бірі түсіп жатыр. Олармен тест жүргізіп жатқан ғылыми топтар жоқ.

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

КӨЛІК ШЫҒАРУ ІСІНДЕ ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ

Қазақстан биыл 149 мың көлік шығарады. Жақында ғана өткен Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы жұмыс қорытындысы туралы алқа отырысында айтылғандай, былтыр 134 мың автомашинаны шығарған отандық зауыттар осы жылы да өз қарқынын күшейтпек.

Жиында министр Қанат Шарлапаев 2024 жылдың соңына қарай өңдеуші өнеркәсібі мен тұрғын үй құрылысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгенін атап өтті. Мысалы, өңдеуші өнеркәсібіндегі өнім көлемі металлургия (+6,9%), машина жасау (+9,7%), химия (+7,7%) және басқа да салалардағы өсім есебінен 5,9%-ға өскен.

«Мұндай өсім соңғы бес жылда бірінші рет болып отырғанын айта кеткен жөн. 2024 жылы шамамен 1,3 трлн теңгені құрайтын 180 жоба іске қосылып, 14,4 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ашылды. Жыл қорытындысы бойынша құрылыста оң нәтижелерге қол жеткізілді. Кейінгі он жылда тұрғын үй құрылысының рекордтық көлемі байқалды. Жоспар бойынша 18 млн шаршы метр болғанымен, 18,9 млн ш.м. метр жаңа тұрғын үй салынды, бұл 172 мыңнан астам үйді құрайды (нақты тұрғын үй көлемінің индексі – 106,4%)», – деді отырыста министр.

Ал вице-министр Олжас Сапарбеков өнеркәсіптік сектордағы қызметтің негізгі көрсеткіштеріне толығырақ тоқталды. Оның сөзінше, былтыр машина жасау өндірісі 9,7%-ға артқан.



Ал осы жылы 5%-дық өсім күтілуде. 2024 жылдың соңына қарай жеңіл автокөліктердің 134 мыңнан астам данасы өндірілсе, оның 23 мыңы сапамен қамтамасыз ету талаптарына сай келеді. Биыл 149 мың дана өнім шығару жоспарланыпты. Сондай-ақ жыл соңына дейін қосалқы бөлшектерді өндіру жобалары жүзеге асырылмақ.

«Автомобиль секторын дамыту – локализацияны тереңдету және құрамдас база өндірісін игеру есебінен жоспарлануда. Бұл мультимедиялық жүйелер шығаратын зауыт іске қосылып, Алматыда жоспарланған автокреслолардың сериялық өндірісін іске қосу арқылы жүзеге асырылатын болады», – дейді вице-министр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі берген мәліметке сүйенсек, бүгінде автоөндірісте жүріп жатқан қос жоба бар. Алғашқысы

– жылдық қуаты 90 мың автомобиль болатын «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» жеңіл көлік кәсіпорыны. Ал екінші жоба Қостанай облысындағы «KIA Qazaqstan» ЖШС-ға тиесілі. Автомобиль шығаратын кәсіпорын бір жылда 70 мың көлік шығаруға қауқарлы деп көрсетілген.

Тарихи шегініс жасасақ, отандық автомобиль өнеркәсібінің тарихы 2003 жылдан басталады. Сол уақытта алғашқы «НИВА» автокөлігі шығарылып, ол кездегі өндіріс көлемі бар болғаны бірнеше мың бірлікті құрады. Ең көбі 2010 жылы 4 мың автомобиль болыпты. Шығарылатын өнім желісі тек ВАЗ маркасының автомобильдері тұрған. Жалпы автонарықтың негізгі бөлігі импортқа тиесілі болды.

Ал қазір бізде 8 автокөлік өндіруші кәсіпорын бар. Санамалап айтсақ, Қостанайдағы жылына 127 мыңнан астам жеңіл көлік, автобус, жүк және арнайы техника өндіретін «СарыарқаАвтоПром», Алматыдағы жеңіл көлік және автобус пен жүк көліктерін шығаратын «Hyundai Trans Kazakhstan» мен «Hyundai Trans Auto» серіктестігі, Семейдегі «Семаз» бен «Daewoo Bus Kazakhstan» және Көкшетаудағы жүк көлігі мен автобус, сондай-ақ арнайы техника шығаратын «КамАЗ-Инжиниринг» АҚ отандық өндірушілердің қатарында тұр. Сонымен қатар, Қарағандыдағы «QazTechna» ЖШС және Оралдағы «Уралскагорреммаш» кәсіпорынын осыған қосамыз. Бұдан бөлек, Қазақстанда жүк көліктері мен арнайы техникаға арналған түрлі жабдықтар өндіретін зауыттар бар. Мысалы, Астана қаласындағы «Stahlbau» компаниясы италиялық «IVECO» маркасымен қыс айында қар тазалайтын, тайғақ болдырмау үшін тұзды құм себетін, енді бірі жаз айында жол үстін сыпырып, шаң басу үшін су шашатын коммуналдық жүк көліктерін шығарады. Айтпақшы, біздегі жеңіл көлікті айтпағанда, жүк көліктері мен арнайы техниканың ең жоғары өндірістік

қуаттылығы жылына 10 мың, автобустар бойынша 1200 дананы құрайтын көрінеді. Министрлік берген ақпаратта осылай делінген.

Бір жақсысы, кейінгі жылдары көлік шығарушы кәсіпорындардан бөлек, қосалқы бөлшектерді дайындайтын кәсіпорын салы аз болса да көбейіпті. Мысал келтірсек, аккумулятор шығаратын «Қайнар АКБ» ЖШС, құйма алюминий дисктерін өндіретін «Вектор Павлодар» кәсіпорыны, шойын құймалары мен жүк көліктерінің басты берілістерін дайындайтын «Kamlit kz» зауыты және т.б. компаниялар өз тұтынушыларын қажеттімен қамтып келеді.

Министрліктегілердің айтуынша, алдағы уақытта автомобильдер мен жүк көліктеріне арналған шиналар, амортизаторлар және басқа да резеңке өнімдер өндірілмек. Автонарыққа қажет бамперлер, сәндік панельдер, май сүзгілері, радиатор, ішкі құрылғылар және әртүрлі механикалық бөлшектерді өзімізде өндіру ісі жолға қойылмақ. Ал мұндай жобалар іске асса, қосалқы бөлшектердің импорты азаятыны белгілі.

Айтпақшы, 11-ші ақпанда Астанада Жұмысшы мамандықтарының жылына орай «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі ашылған еді. Фестивальдің алғашқы күнінде-ақ оған 200-ден астам жұмысшы мамандықтарының өкілі қатысып, 10 мыңға жуық адам тамашалады. Келушілер техникалық білім беру саласындағы жаңа технологиялармен, оқу бағдарламаларымен танысып, отандық колледждер ұсынатын жаңа және сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат алуда. Оның ішінде отандық автомобиль өндірісіне қажетті мамандық түрлері де жеткілікті. Яғни, экономика үшін стратегиялық маңызы бар машина жасау, ақпараттық технологиялар, құрылыс, агроөнеркәсіп кешені, энергетика, көлік және ел экономикасының болашағын айқындайтын басқа да салалар бар.

Қазақстанда көлік шығару ісі дамыған елдермен салыстырғанда кенже қалғаны рас. Бірақ машина жасау саласының жарты қадам болса да даму қарқыны көз қуанып тұр.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ДЕ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі. Мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, әдептілігі өте маңызды. Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады.

Олардың жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әдеби үнемі бақылауда, халықтың назарында. Сол себепті мемлекеттік органдарға қоғам тарапынан сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің маңызы зор.

Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап қойылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне сырт келбеті де сай болуы қажет.

Әдеп кодексімен қатар, мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысына бақылау жасауда, алқалы органдар – Әдеп жөніндегі комиссия, Әдеп жөніндегі кеңес, сондай-ақ Әдеп жөніндегі уәкілдердің еңбегі зор.

Аталған алқалы органдар және Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметтік имиджін көтеруге бағытталған шараларды атқарып, мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін арттыруда өз үлесін қосуда.

Мемлекеттік өркендету, дамыту бағытындағы ең жауапты іс – мемлекеттік қызметшілерге жүктелетіні мәлім. Мемлекеттік қызметшіге неғұрлым осындай жоғары талап қойылса, оның құқықтарының қорғалуы және әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуы да тиісті деңгейде болуы шарт. Сондықтан мемлекеттік қызмет саласындағы маңызды принциптердің бірі – мемлекеттік қызметшінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы. Мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті тарапынан мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау бағыты бойынша бірқатар талдаулар жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Оның бірі мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын беру мәселелеріне жүргізілген талдау нәтижесінде өңірдегі мемлекеттік органдардың 671 мемлекеттік қызметшінің құқықтары бұзылғаны анықталды.

Дәлірек айтқанда, мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік қызметшілерге еңбек төлемдері кешіктіріліп төленгендігі анықталды.

Сонымен қатар, департаментпен жұмыс уақыты режимінің сақталуына қатысты жүргізілген талдау нәтижесінде де 119 мемлекеттік қызметшіге үстеме жұмыстар атқарғаны үшін тынығу сағаттары берілу арқылы құқықтары қорғалды. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғаудың басқа да



құралы оларға икемді жұмыс кестесін және қашықтан жұмыс жасау мүмкіндіктерін қолдану.

Атап айтқанда, бұл жұмыс берушінің келісімі бойынша қызметкерге жұмыс күнінің басқа тәртібі белгіленуі мүмкін. Мысалы мемлекеттік қызметші баласын таңертең немесе кешке балабақшадан алып кету үшін аталған режимді белгілеу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. 2024 жылдың басынан бастап 27 мемлекеттік қызметші икемді жұмыс режимін, 1 мемлекеттік қызметші аралас қашықтан жұмыс істеу режимін пайдалануда.

Департамент мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту рәсіміне де талдау жүргізеді. Себебі мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту кезінде рәсімдік бұзушылықтарға жол беріліп жатады. 2024 жылы бұзушылықтарға жол берілгені үшін мемлекеттік органдардың 12 актісінің күші жойылып, кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Өз кезегінде, аталған бағыттағы қызметшілер арасында заң үстемдігі, әділеттілік үстемдігі қағидатын бекітуге және мемлекеттік қызметке сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Ал мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдардың талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

Б.МАКЕЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы

КӨЗҚАРАС

Сот жүйесінің дамуы қазіргі таңда күн санап қарқын алып келеді. Тәжірибеге медиация институтының енгеніне біраз болды. Медиацияның тарихы тереңде. Адамдар арасында алғашқы дау қай кезде туындаса, бітімгершілік те сол заманда пайда болған. Сондықтан, бұл әдіс алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде де болған.

МЕДИАЦИЯНЫҢ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ

2011 жылдың 28 қаңтарында ҚР Президенті «Медиация туралы» заңға қол қойды. Бұл заң Қазақстанда медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиаторлардың мәртебесін айқындайды. Медиация тәсілі сот жүйесіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни, тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілетін келіссөз рәсімі. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады. Аталған заң медиацияны азаматтық-құқықтық қатынастардан, оның ішінде, кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты туындайтын құқық туралы дауларды, еңбек және отбасы құқықтық қатынастардан, жеке және заңды тұлғалардың өзге де жеке құқықтық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезінде қолдануға бағытталған.

Медиатор – қазақ халқының ұлттық болмысына ең жақын ұғым. Іргесі берік қазақ қоғамында небір даулы мәселелерді екі ауыз сөзбен шешкен, дуалы ауыз билер болғанын тарихтан жақсы білеміз. Ендеше, сот жүйесіне бітімгерлік тәсілін енгізу қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік шешендігі мен көсемдігін жаңғыртуға жасалған игі қадам деп түсінеміз.

Қазіргі таңда судьялардың жүктемесі ауыр екені аян. Сондықтан ең алдымен, кейбір істерді медиаторлардың қарауына беріп, соттардың жүгін әжептеуір жеңілдетуге қол жеткізіледі. Бұл жол тараптардың өздері үшін де тиімді. Оның үстіне араздасқан адамдарды татуластыру ең оңтайлы жол.

Сонымен қатар, ҚР Жоғарғы Сотының пилоттық жобасы аясында,

татуластырушы-судья институты енгізіліп отыр. Аталған судьялар сотқа келіп түскен талап қоюлар бойынша сот өндірісіне қабылданғанға дейін тараптармен татуластыру жұмыстарын жүргізеді. Тараптарға шақырту қағаздарын жолдайды, олармен әңгімелесу жүргізіп, татуласуға ниет білдірген тараптар арасында дауды сотқа дейін медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер жасап, оны сот ұйғарымымен бекітіп береді.

Қызылорда қалалық сотында 2024 жылы барлығы 1147 азаматтық іс татуласу рәсімдерін қолдану арқылы аяқталған. Медиация тәртібімен 1070 азаматтық іс, оның ішінде 912 азаматтық іс сотқа дейінгі медиация тәртібімен, яғни татуластырушы-судьялармен аяқталған.

Занды тиімді жүзеге асыру оның қолданылу аясы, медиация үрдісін жүргізудің қағидалары мен принциптері, даулардың жіктелуі, олардың алдын алу тәсілдері, медиация жолымен дауды конструктивті түрде шешудің фактілері мен шарттары жайында Қызылорда қалалық сотында семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып тұрады және де баспасөз беттеріне халықты ақпараттандыру үшін мақалалар жарияланып отырады.

Қорыта келе, «Медиация» азаматтар арасындағы қарым-қатынаста талас-тартыс деңгейін төмендетуге, тараптардың қарым-қатынас мәдениетінің, этикасының жоғарылауына, ерікті түрде орындалатын шешімдердің көбеюіне әкеледі деген сенім бар.

«Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмас» деп жатады халқымыз, ендеше дауласуды азайтсақ, елге ырыс қонары анық.

Лаура АЛИБЕКОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

АСЫЛ МҰРА

Елімізде тіл мәселесі тәуелсіздік алған жылдардан бері өзекті мәселелердің біріне айналған. Қазақ тілінің қоғамда нағыз қажетті тілге айналуы үшін көптеген шаралар да жасалып жатыр. Сарапшылар қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі артып келе жатқанымен, қолдану аясына қатысты мәселелер бар екенін айтады. Демек алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру қажеттілігі сезіліп отыр.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ АРТЫП КЕЛЕДІ



Осы орайда айта кетер жайт, көп жағдайда қазақ тіліндегі ақпараттардың түсініксіздігі, қолжетімсіздігі, қолданыс аясының төмендігі халықтың мүмкіндігінше орыс тілінде білім алып, ресми тілде сөйлеуіне ықпал етіп жатады. Сондықтан алдағы уақытта халықтың қазақ тіліндегі ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, қазақ тілді контенттердің сапасын көтеру міндеті тұр. Көп жағдайда қазақ тіліндегі халыққа ұсынылатын келісімшарттардың, құжаттардың қазақ тіліндегі аудармасының талапқа сай болмауы қазақстандықтарды өз тілінен өзі жеруіне де ықпал етіп отыр. Мамандар қазір-

гі уақытта қазақ тілін көпшіліктің қолданыс тіліне айналдыру үшін мемлекеттік тілдегі ақпараттардың мол болуына ғана емес, сапалы болуына назар аударуға шақыруда.

Бірнеше жылдан бері еліміздің сот отырыстарында да қазақ тілі кеңінен қолданылып келеді. Тараптардың тіл білмеуіне қатысты мәселе туындаған жағдайда аудармашы беру немесе талап арызды қай тілде жазса сот отырысын сол тілде өткізу секілді мүмкіндіктердің берілуі халықтың тілге қатысты құқығы бұзылмауын қамтамасыз етіп отыр. Сот саласындағы құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқа-

сының да барынша түсінікті, сапалы дайындалуына жағдай жасалып жатыр. Егер еліміздің барлық саласы, мемлекеттік органдары еліміздегі қазақ тілді тұрғындардың құқығы бұзылмауына, қазақ тілінің қолданыс аясының өсуіне барынша тырысса алдағы уақытта

ана тіліміздің де тұғыры биіктей беретініне сенім мол! Осы тұрғыдан келгенде сот жүйесіндегі қазақ тілінің құқығы қорғалып отыр деп анық айта аламыз. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса берсе тіліміздің өз тұғырына шығары анық!

Көп жағдайда қазақ тілінің қажетті, қолданыстағы тілге айналуына халықтың да өзіндік ықпалы бар екені жасырын емес. Тұрғындар өзге тілде шүлдірлеп кете салуға ыңғайлы тұратындықтан, қызмет көрсету орындарында да орыс тіліндегі нұсқа ұсынылып жатады. Мемлекеттен бұл бағытта қыруар қаржы аударудың орнына халықтың өз тіліне деген жанашырлығы алдыңғы орынға шықса көп мәселенің басы шешілер еді. Осы бір салғырттық та қазақ тілінің қолданыс аясын шектеп отыр. Жалпы тілі жойылған ұлттың өзі де жойылатынын ескерсек, тілге жанашырлықты әркім өзінен бастағаны дұрыс!

Жандос САТАНОВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тіл – әрбір елдің рухани келбеті мен мәдени болмысының айнасы. Ол тек адамдар арасындағы байланыс құралы ғана емес, халықтың дүниетанымын, өмір салтын, тарихи жады мен ұлттық ерекшелігін бейнелейтін басты құндылық.

Қазақ тілі – халқымыздың ұлт ретінде қалыптасуына негіз болған, оның мәдениетін, салт-дәстүрін сақтаушы және болашаққа жеткізуші маңызды құрал. Тіл арқылы ұлттың өткені сақталып, оның рухани мұрасы мен құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Тәуелсіздік жылдарында қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында көптеген қадамдар жасалды. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, оны ғылым мен білім, мәдениет пен экономика салаларында дамытып, қоғамның барлық деңгейінде нығайтуға ұмтылыс бар. Қазақ тілі тек ресми құжаттар мен заң аясында ғана емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Өйткені тілдің дамуы – мемлекеттің дамуы.

Қазақ тілінің мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етудегі рөлі де ерекше. Кез келген елдің тұрақтылығы оның азаматтарының ортақ құндылықтар төңірегінде топтасуына байланысты. Тіл – осындай біріктіруші күштердің ең маңыздысы. Әлемдегі дамыған мемлекеттерде мемлекеттік тіл ел бірлігін нығайтуда шешуші рөл атқарады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру үшін оның қолданылу аясын кеңейту маңызды. Бұл ретте білім беру, ғылым, мемлекеттік басқару және бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің кеңінен қолданылуы елдің рухани тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі қадам болмақ.

Қазақ тілі – ұлттың рухани байлығы, елдің тұтастығы мен болашағы-



Дана ТАЖИМУРАТОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің жетекші маманы

ның кепілі. Оны сақтау және дамыту – әрбір азаматтың парызы. Тілдің шын мәнінде қоғамда өз орнын табуы үшін оны күнделікті өмірде қолдануымыз қажет. Мемлекеттік тіл – тек заңмен бекітілген мәртебе емес, ол біздің санамызда, жүрегімізде орнығуы тиіс. Ұлттық болмысымызды сақтап, тәуелсіздігімізді нығайтудың жолы – ана тілімізге деген құрмет пен қамқорлықтан басталады. Қазақ тілін бағалайық, дамытайық, болашаққа бірге алып барайық!



ӘДІЛ БІІ БАР ЕЛДІ ДАУ АРАЛАМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы жылы Алматы қаласының Әуезов аудандық сотында судья болған Тұрысбек Ерболғанұлы істерді жедел, сапалы, мұқият қарауымен көпшілік есінде қалды. Ұжыммен тез түсінісіп, кез келген қиындықтан жол таба білетін азаматтың ерекше қабілетін байқаған басшылар кейін әріптесімізге Алматы қаласының сот әкімшісі қызметін ұсынған еді. Алматы сияқты алып мегаполисте соттың қандай үлкен жүктемемен жұмыс істейтіні кімкімге де белгілі. Осындай қызметі қауырт ортада судьялардың алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай туғызып, соттың «тылындағы» іс-әрекетті әдемі үйлестіре білген Тұрысбек Ерболғанұлының шеберлігі мен табандылығын әріптестері әлі күнге сүйсіне еске алады.

Сот әкімшісі ретінде өзін жақсы жағынан көрсеткен Мыятбеков 2003 жылдан бастап Алматы қалалық сотында судья лауазымын жалғастырып, 2009 жылы Алматы қаласының Бостандық аудандық сотының төрағасы, 2013 жылы Талғар аудандық сотының төрағасы, 2018 жылы Жетісу аудандық №2 сотының төрағасы қызметтерін атқарған. 2021–2024 жылдар аралығында Түркістан облыстық сотының төрағасы қызметін атқарып, құрметті зейнеткерлікке шыққан.

Айта кету керек, Түрекеңнің ата-анасы, мектептегі мұғалімдері мен жоғары оқу орнында тәлім-тәрбие, білім берген ұстаздарының осындай көпке үлгі, келешекке өнеге болар сот сардарын дайындаудағы еңбегі ерен. Түрекеңмен бірге қызметтес болған судьялар ол кісінің қолынан кітап түспейтінін, қазақтың біртуар билері Төле, Қазыбек, Әйтеке туралы жазылған шығармалардан нәр, ақыл, даналық, данышпандық қағидаларын оқып, үйреніп, өздерімен риясыз бөлісіп отыратынын ерекше бір жылы лебізбен еске алады.



Бұл кісі тәжірибесі мол судья ретінде өзгелерге ақылын айтып, көп жылдық білімімен және тәжірибесімен риясыз бөлісіп, өзін жоғары білікті заңгер, теориялық және кәсіби дайындығы кемеріне жеткен судья ретінде танытты. Өзінің міндеттеріне асқан жауапкершілікпен қарап, соттың қоғамдық жұмыстарына да белсене араласты, төрағалық қызметінде өзге судьяларға жұмысты дұрыс жолға қойып, жүргізудің баға жетпес әдіс-тәсілдерін үйретті.

Түрекең судьялар мен төрағалар арасында тарихта болмаған бастаманың бетін ашты. Сөздің дәлелі ретінде 2021 жылдың қыркүйегінде Түрекең Түркістан облысының во-

Түрекең төрағалық еткен тұста 18 наурыз «Ұлттық киімдер» күнін, 20 наурыз «Ұлттық спорт» күндерін атап өтуді әдетке айналдырған. Мұндағы басты мақсат ұлттық құндылықтарды насихаттап, қазақтың салт-дәстүрін жастардың бойына дарытып, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік пен отансүйгіштік сезімін оятып, тәрбиелеу болатын. Бұл игі дәстүр Түрекең зейнетке кеткеннен кейін де үзілген жоқ. Жақсы адамның бастаған ісін ұжымдастары бүгінгі күні де жалғап келеді.

лейбол федерациясының президенті болып сайланды. Өзі федерацияның президенті кезінде ХХХІІ ҚР чемпионаты өткен шақта «Тұран» әйелдер ұлттық лигасы 2023/24 чемпионы атанып, Түркістан облысының тарихындағы алғашқы жетістікке қол жеткізді.

Түрекең салауатты өмір салтын

ұстануды қызметте де қолдануды үйретті. 2023 жылы Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласында Қазақстан Судьялар одағының дәстүрлі Х спартакиадасы өткізілді. Іс-шараға Жоғарғы Сот төрағасы, облыстың бірінші басшылары мен республика өңірінен судьялар қатысып, іс-шараны ұйымдастырған Түрекең бастаған Түркістан облыстық сотының ұжымына оң бағаларын берді. Осы шара барысында Мыятбековтің ұйымдастыру шеберлігі, ұжымды бір мақсатқа біріктіре білетін қасиеті айрықша байқалды. Басшының дұрыс жол сілтеуімен ұжым да өздеріне жүктелген жауапты істі ұтымды атқара білді. Республиканың түкпір-түкпірінен келген спартакиада қонақтарына жол көрсетіп, доданы сауатты өткізген, шара аяқталғанша аяқтарынан тік тұрып керемет қызмет көрсеткен Түркістан облыстық соты ұжымының белсенділігі төрағаның беделі мен біліктілігіне байланысты екенін қонақтардың бәрі де түсінгені хақ.

Мыятбеков Тұрысбек Ерболғанұлы қайырымдылық жасауды да өз өмірінің басты қағидасы етіп қойған. Ол қандай мереке болмасын, балалар үйлеріне ат басын бұрып, балаларға дастарқан жайып, сый-сияпат жасауды, керек-жарақпен қамтамасыз етуді әдетке айналдырған.

Түрекең 2022 жылдың 22 наурызында облыстық соттың бұрынғы төрағалары Тұрғараев Бекетті, Дәрібаев Тілектесті, Баратбеков Талғатты, басқа да зейнеткерлік демалыста жүрген судьяларды қонаққа шақырып, иықтарына шапан

ның асқақ болуы Түрекеңдей адал билердің арқасында десек ақиқаттан аластай қоймаймыз. Әрі әріптесіміздің қажырлы да адал еңбегі ескерусіз қалмады. Мыятбеков еселі еңбегінің арқасында талай мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Сонымен қатар, Түрекең төрағалық еткен тұста 18 наурыз «Ұлттық киімдер» күнін, 20 наурыз «Ұлттық спорт» күндерін атап өтуді әдетке айналдырған. Мұндағы басты мақсат ұлттық құндылықтарды насихаттап, қазақтың салт-дәстүрін жастардың бойына дарытып, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік пен отансүйгіштік сезімін оятып, тәрбиелеу болатын. Бұл игі дәстүр Түрекең зейнетке кеткеннен кейін де үзілген жоқ. Жақсы адамның бастаған ісін ұжымдастары бүгінгі күні де жалғап келеді. Түркістан облысының соттарындағы әрбір маман ұлттық нақыштағы киімдер киіп, көненің көзі ата-бабаларымызға құрмет көрсетуде. Яғни, Тұрысбек Ерболғанұлы сот жұмысының сапасын арттыруға ықпал етіп қана қоймай, өз ұлтының тарихын, сәул-санасын біліп, күнделікті өмірде ұстануына да тамаша із салып кетті.

Сондай-ақ Түрекеңнің төраға кезінде атқарған ауқымды ісінің бірі ретінде Түркістан облыстық сотының жаңа ғимаратының ашылуына бар күш-қайратын жұмсағанын айтпай кетуге болмайды. Себебі «Әділет үйі» облыстарда тең келмейтін ғимараттардың бірі. Түрекең бұл ғимараттың іргетасы қаланғаннан бастап біткенше өзінің бақылауында ұстап, үлкен істі абыроймен аяқтады.

Сонымен қатар, Түрекеңнің кезінде облысқа тиесілі соттардың судьялары сыбайлас жемқорлық фактісімен немесе өзге де теріс қылықтармен жауапқа тартылмағаны да елеулі жетістіктің бірі екенін атап өтуіміз қажет.

Ендеше, Түрекеңнің ұрпақ алдында ғана емес, ұлт алдында, өзі қызмет еткен сала мамандары алдында ары тала, еңбегі зор. Сот саласының сардары Тұрысбек Ерболғанұлын туған күнімен шын жүректен құттықтап, сот жүйесінің дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін алғысымызды білдіреміз. Әріптесімізге зор денсаулық, отбасына бақ-береке тілеміз!

**Судьялар одағының
Түркістан облыстық
филиалы**



ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттарға сай адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық шаралары Үкіметтің 2001 жылғы 27 мамырдағы №886 «Қазақстан Республикасы халықтарын әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы негізінде анықталады.

Осы тұжырымдамаға орай жаңа әлеуметтік қорғау жүйесін ендіру мәселесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылуда. Қазақстанның әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы ел Конституциясына негізделеді. «Республикалық бюджет туралы» заңның 8-бабына сай 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері – 85 000 теңге болып бекітілді, әлеуметтік жердемақы төлемдерінің мөлшерін анықтауда қолданылатын айлық есеп көрсеткіші АЕК 3932 теңгеге тең. Әр жылы АЕК өскен сайын, біздің қоғамда да зейнетақы, жалақы, жәрдем ақылар көбейе береді.

Осыған орай 2025 жылдан бастап: Базалық зейнетақы төлемі – 6,5 пайызға (еңбек өтіліне байланысты ол өмір сүру минимумының 70-тен 110 пайызына дейін болады);

ең төменгі мөлшері – 32 360 теңге (айлық минимумның 70 пайызы);

ең жоғары сома – 50 851 теңге (айлық минимумның 110 пайызы).

Базалық және бірлескен төлемдерді ескере отырып, зейнетақының жалпы мөлшері:

зейнетақының ең төменгі мөлшері – 95 131 теңге;

зейнетақының ең жоғары мөлшері – 213 046 теңге болып бекітілді.

Қазіргі таңда зейнеткерлікке шығу мәселелері заңмен қарастырылуда. Қазақстанда кімдер зейнетке ерте шыға алады?

• 5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер – 53 жаста;

• Семей ядролық сынақ полигонының төтенше және радиация қаупі ең жоғары аймақтарында 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілде аралығында кезеңде кемінде 5 жыл тұрған әйелдер – 45 жаста, ерлер – 50 жаста;

• 5 және жағдайы зиянды жерде жұмыс істейтіндер 55 жаста зейнетке шыға алады.

Еске сала кетсек, 2022 жылы әйелдердің зейнет жасы 2028 жылға дейін 61 жас деп белгіленген болатын. Яғни, 2023 жылдан бастап 2028 жылға дейін әйелдер 61 жасында зейнетке шығады. Бес жылдан кейін зейнеткерлік жас жарты жылға көтеріліп, 2031 жылы 63 жасқа жетеді деп жоспарланып отыр. Сөйтіп ерлер мен әйелдердің зейнетке шығу жасы бірдей болады. Яғни, ерлер елімізде 63 жасында зейнетке шығады.

Ұсынылып отырған шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Біз зейнетақы жүйесін де қайта жаңғыртамыз. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызға жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді.

Сондай-ақ әлеуметтік талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасы 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалады. 2005 жылдан бастап әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясы барынша қарапайым үш деңгейлік жүйені қалыптастыруға бағытталған жұмыстар қолға алынды. Олар біріншіден – мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету; екіншіден – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін анықтау арқылы қосымша сақтандыру шараларын арнайы заңнамалар қабылдау негізінде қоғамға ендіру; үшіншіден – әлеуметтік қайтарымды төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті төлемдерін арнайы қорда топтастыру арқылы, мемлекет тарапынан анықталатын, бақылауға және қадағалауға алынатын, кепілдік берілетін қаржылық институттардың шеңберін анықтау.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында мемлекеттік басқару органдарының жүйесі қолданыстағы жалпылық және арнайы, салалық нормативтік құқықтық актілермен анықталады. Негізгі салалық құзыретті орган ретінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін басқаруды жүзеге асырады. Министрліктің құзыреті Қазақстан Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы №1132 «Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір сұрақтары туралы» қаулысымен анықталады. Қаулының қабылдануына Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы № 1449 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Жарлығы негіз болды.

Осы қаулыға орай халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдарының құрамы, өкілеттіктері анықталды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің негізгі өкілеттіктері, осы қаулыға сәйкес, мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын салалық міндеттіліктерді келесі топтарға бөлеміз:

1) халықты жұмыспен қамту;

2) халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;

3) жұмыскерлердің еңбегін, денсаулығын, өмірін қорғау шараларын анықтау және қадағалау.

Осы бағыттарда, әсіресе 2005 жылғы Президент жолдауының қабылдануына байланысты атқарылатын іс-шаралардың құрамында ерекше атап өтуді қажет ететін мәселе – ол жұмыспен қамтылған халықты (жұмыскерлерді) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі негізінде – қосымша сақтандырудың экономикалық, құқықтық механизмдерін анықтау және сақтандыру негізінде туындайтын қатынастардың көлемін, мазмұнын арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылдау арқылы құқықтық жүйеге ендіру мәселесі ерекше назарға алынды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру – жаңа жүйе ретінде келесі құзіретті мемлекеттік органдардың басқаруымен жүзеге асырылады. Біріншіден, сақтандыру жарналарын міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына өз уақытында төленуін бақылау құзыреті Қаржы министрлігіне, нақты аумақтық салық органдарына жүктеледі. Екіншіден, қордың кірісін (активін, түсімдерін) айналымға, табыс көздеріне салуды, сақтауды және есепке алуды Ұлттық Банк жүзеге асырады. Үшіншіден, сақтандыру жарналарын жинақтау және олардың мониторингін ұйымдастыру қызметі Мемлекеттік-әлеуметтік сақтандыру қорымен жүзеге асырылады. Төртіншіден, сақтандыру жағдаяттарының орын алуына байланысты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына төленетін төлемдердің нақты уақытында төленуін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, оның аумақтық органдары (РМК – Мемлекеттік зейнетақы жарналарын жинақтаушы орталық) жүзеге асырады.

**Ж.КАРАШЕВА,
Ж.САПАРБЕКОВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Азаматтық құқық, азаматтық
іс жүргізу және еңбек құқығы
кафедрасының оқытушылары**

ЖИЫН

Аида БАЛАЕВА, Мәдениет және ақпарат министрі:

«ҰЛТ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДЫҢ ТІРЕГІ – ИДЕОЛОГИЯ»

Елдің стратегиялық дамуы мен ұлт бірлігін нығайтудың негізгі тірегі – идеология. Ол арқылы азаматтардың санасына ортақ құндылықтар орнығып, қоғамның бағыт-бағдары айқындалады. Осы орайда, биыл идеологиялық тұрғыдан ерекше жыл болмақ. Бұл Мәдениет және ақпарат министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында айтылды.

Жиында ведомство басшысы Аида Балаева 2025 жылғы жұмыстың бағыт-бағдарына, мақсат-міндеттеріне тоқталды. Биыл бірқатар атаулы мерейтой мен мәдени іс-шара өткізіледі. Олардың қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Конституцияның 30 жылдығы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі бар. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығы, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы және басқа да көрнекті тұлғалардың мерейтойлары аталып өтпек. Аталған мерейтойлық әрі маңызды іс-шаралармен қатар, белгілі тұлғалардың мерейтойларын да жоғары деңгейде өткізу міндеті тұр. «Бұл іс-шараларға қатысты кешенді жоспар бекітілді. Дегенмен атқарылар жұмыстар формальды түрде өтпеуі керек. Әр іс-шараның мәні мен мазмұны, тағылымы терең болуы тиіс», — деді Мәдениет және ақпарат министрі. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясындағы «Батырларға тағзым» онлайн-платформасы іске қосылады. Порталға 1 млн-ға жуық қазақстандық жауынгердің есімі бойынша мәліметтер, сондай-ақ жеке құжаттары мен фотосуреттері енгізілді. Аида Балаева саланы цифрландыру мәселесіне де жіті назар аудару қажеттігін айтты. Цифрландыру – мәдениет пен ақпарат саласындағы тың мүмкіндіктер алаңы. Министрлік мәдени мұраларды сақтау және қолжетімді

бұл қаражат сараптаудан өткен лайықты туындыларға ғана бөлінеді», — деді Аида Балаева. 2024 жылы алғаш рет ұлттық мүддемізге, идеологиямызға сай келетін басым тақырыптар бекітіліп, жаңа форматтағы

және шетелдік фильмдердің мазмұнына байланысты прокаттау куәлігін беру бойынша заңнаманы күшейту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ кино саласын бұдан әрі кезең-кезеңмен жетілдіру жұмыстары жалғасады. Бүгінде жалпы мәдениет саласында 8 мыңға тарта мәдениет ұйымында 58 мыңнан астам адам қызмет етеді. Былтыр театрларда өткен 16 мыңға жуық іс-шараға 3 млн-ға жуық көрермен келсе, музейлерде ұйымдастырылған іс-шараға 2 млн-нан аса адам қатысты. Бұл ретте министр мәдени ұйымдарда өтетін коммерциялық іс-шаралардың да мазмұнына мән беру керек

қоғамның рухани мәселелерін шешуде бұл салада да бірлесе жұмыс істеу орынды. Сондай-ақ этномәдени бірлестіктерді гранттық қолдау этносаралық келісім мен бірлікті дамытуға ықпал етеді. Ведомство басшысы осы мәселенің құқықтық қамтамасыз етілуін пысықтау қажеттігін айтты. Жалған ақпаратпен күресу және ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін арттыру үшін «Масс-медиа туралы» жаңа заң қабылданды. Былтыр онлайн-платформаларда заңнаманы бұзған 67 мыңнан астам факт анықталып, 18 мыңнан астам материал жойылды. Министрлік журналистердің біліктілігін арттыру, медиа сауаттылықты көтеру және фактчекінг бойынша тренингтер ұйымдастыруды қолға алды. 2025 жылы Орталық Азия медиафорумы өтеді, онда медиа саласының өзекті мәселелері талқыланды.

Тағы бір маңызды бағыт – креативті индустрияларды дамыту. Мемлекет басшысы таяуда креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша заңға қол қойды. Енді креативті индустрияларды дамыту қоры жұмысын бастайды. Әр өңірде креативті хабтар ашылууда. Бүгінде республика бойынша 12 креативті орталық жұмыс істейді, ал 2025 жылы тағы 8 орталық ашу жоспарланған. Министрлік мәдениет саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда. 2024 жылы ел өңірлерінде мәдениет нысандарына қатысты 255 жөндеу және 45 құрылыс жұмыстары аяқталды. Ұлттық музей, Мұхтар Әуезов атындағы драма театры, Наталья Сац атындағы театр және басқа да мәдениет нысандарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сөз соңында министр 2025 жылға арналған ауқымды жоспарларды іске асыруда барлық сала мамандарын, қоғамдық кеңестер мен журналистерді белсенді қатысуға шақырды. «Халықтың бірлігін нығайтып, еліміздің тұрақты дамуы – баршамызға ортақ мүдде. Ендеше ортақ мақсат жолында бірлесе қызмет ете берейік», — деді Аида Балаева.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ету үшін цифрландыруды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады. «E-museum» веб-порталы іске қосылып, Қазақстан музейлерінің виртуалды желісі жасақталмақ. Бұл жоба тарихи-мәдени мұраларға 3D-модельдеу технологиясын қолдану арқылы онлайн-қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Кино саласына қатысты өзекті мәселелер де ұдайы назарда. Солардың бірі – «Қазақфильмді» дамыту. Президент қол қойған заңға сай, енді мемлекеттік қаржыландырудың кемінде 30%-ы «Қазақфильмге» бағытталады. «Бұл жерде ерекше атап өтілетіні – мемлекеттен бөлінетін әр тиынның есебі, сұрауы бар. Сондықтан

конкурс өткізілді. Былтыр 16 ұлттық фильм прокатқа шықса, 2025 жылы 14 жаңа кинотуынды жарық көреді. Сондай-ақ анимация саласына ерекше көңіл бөлініп отыр. 2025 жылы 10 анимациялық жоба жасалып, балаларға арналған қазақша мультфильмдер өндірісі артады. Телеарналардағы сериалдардың да сапасы жақсарып келеді. 2024 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында 41 сериал дайындалып, көрермен назарына ұсынылды. Ұлттық кино мен сериалдарды шетелге экспорттау мәселесіне де назар аударылып, ұлттық стриминг платформасын іске қосу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, кинопрокатқа шығатын отандық

екенін айтты. «Өйткені киелі сахна – талғам мен тағылымның ордасы. Сол себепті де мәртебелі өнердің қадір-қасиетін түсірмей, бәріміз де жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Мәдениет ошақтары саяси лозунгтар мен ұрандардан ада болып, нағыз өнердің кең қанат жаюына жағдай жасауы керек», — деді Аида Балаева.

Сонымен қатар министр ел ішінде алауыздық туғызып, діни, этносаралық араздықты қоздыру фактілерін болдырмау үшін жауапкершілікті күшейту керек екенін де атап өтті. Қазір елімізде 18 конфессияны білдіретін 4 мыңға жуық тіркелген діни бірлестік бар. Сондықтан

Өңір

ЗАҢ мен ТӘРТІП ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Түркістан облысында 2025 жылдың қаңтар айында атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша Полиция департаментінің мәжіліс залында жедел кеңес өтті. ҚР ІІМ Ержан Сәденов «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында 2025 жылды «Профилактика жылы» деп жариялап, іс-шаралар жоспарын бекіткен болатын. Түркістан облысының Полиция департаменті құқықбұзушылықтың алдын алуға аянбай атсалысуда.

Күн тәртібінде қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүргізілген шаралар талқыланды. Департамент бастығы Мұрат Қабденов төрағалық еткен жиында салалық басқарма және қалалық, аудандық полиция басшылары, олардың орынбасарлары, бөлімше басшылары мен топ жетекшілері қатысты.

Жалпы, Түркістан облысында ағымдағы жылдың 1 айында құқық бұзушылық саны 3,1%-ға, қылмыс саны 8,8%-ға азайған. Ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылуы 9,5%-ға жақсарған. Құқық бұзушылықтардың ашылуы 79%-ды құрайды. Тергеу мен анықтау саласы бойынша сотқа 359 іс жолданып, өткен жылмен салыстырғанда 99 іске асыра орындалып отыр.

Қоғамдық орында жасалған құқық бұзушылықтар 2,4%-ға төмендеген. Ал облыс бойынша 78 мың әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, шара қарастырылған. Жиында құқық бұзушылық профилактикасы, оның ішінде алаяқтық қылмысының ал-

ды дұрыс ұйымдастыруды ескертті.

Жиналыс барысында облыстың бас полицейі: «Әрқайсысыңызға кеңес, күнделікті істеген жұмыстарыңызды талдап, саралап шығуды әдетке айналдырыңыздар. Ең бастысы профилактикаға назар аударыңыздар. Білім беру мекемелеріндегі

буллинг, бопсалау, басқа да құқық бұзушылықтарға жол бермеу үшін басыдан бастап мектептерге шығып, алдын алу шараларын жандандырыңыздар. Сондай-ақ облыс орталығы Түркістан қаласында мүлдем қылмыс пен құқық бұзушылық өспеуі тиіс екенін ескерттім. Есірткі жарнамалайтын сайттарды бұғаттау, қауіпсіз елді мекен, ішімдіксіз ауыл қатарын көбейту бағытында жұмысқа кірісіңіздер!» — деп атап өтті.

Департамент бастығы бірқатар басшыларға қатаң сөгіс беріп, кемшіліктерді жоюға уақыт белгіледі. Сонымен қатар ҚР ІІМ тапсырмаларын дер кезінде сапалы орындау қажеттілігін тапсырып, жеке құраммен жұмысты дұрыс ұйымдастыруды ескертті.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



дын алу бойынша атқарылған жұмыс барысы айтылды.

Жиында құқық бұзушылық профилактикасы, оның ішінде алаяқтықтың алдын алу жайы айтылды. Өңірдің бас полицейі білім беру мекемелеріндегі буллинг, бопсалау, басқа да заңсыздыққа жол бермеу үшін басыдан бастап мектептерге шығып, жұмыс істеуді тапсырды. Департамент бастығы бірқатар басшыларға қатаң сөгіс беріп, кемшіліктерді жоюға уақыт белгіледі. Одан бөлек, министрліктің тапсырмаларын дер кезінде сапалы орындап, жеке құраммен жұмыс-



«КӨКТЕМ–2025»

Жетісу облысында ақпанның 6-7 күндері «Көктем–2025» командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтті. Ондағы басты мақсат – азаматтық қорғаныс жүйесін көктемгі су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайларды жоюға дайындау және халық пен аумақтарды су тасқыны қаупі кезінде қорғау бойынша іс-қимылдарды пысықтау.

КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРЫ ӨТТІ

Онда барлық аудан мен қалада су басу қаупі жоғары учаскелерде практикалық шаралар өткізілді. Командалық-штабтық бұл оқу-жаттығуларында қорғаныс нысандарын нығайтуға және су тасқыны жағдайына дайындыққа ерекше назар аударылады.

Жетісу облысындағы оқу-жаттығу орталығы Қаратал ауданы болып анықталды. Басты жұмыс Тастебе ауылының маңында жүрді. Мұнда Қаратал өзенінің арнасын нығайту жұмыстары жүргізілді. Оған Қаратал ауданының азаматтық қорғаныс қызметтері мен Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамы мен инженерлік техникасы жұмылдырылды.

Бұл шаралар Төтенше жағдайлар министрлігінің «Көктем–2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу жиындарының 1-ші кезеңі аясында өтіп отыр. Ол биыл «Су тасқыны кезеңі жағдайларындағы қауіпті жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын дайындау» тақырыбында оңтүстік және батыс өңірлерінде ұйымдастырылған болатын.

Оқу үйлестіру және жетекшілік ету жөніндегі республикалық штаб Атырауда орналасты. Оқу-жаттығу жиыны шеңберінде екі күн бойы Алматы, Шымкент қалаларында, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан және Жетісу облыстарында төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдарды пысықтау бойынша командалық-штабтық жаттығулар, авариялық-құтқару қызметтерімен және азаматтық қорғау құралымдарымен практикалық іс-қимылдар өткізіледі.

Сонымен қатар «Баршаның назарына!» дабылы бойынша аумақтық деңгейдегі құлақтандыру жүйесінің дайындығын тексеру мақсатында 2025 жылғы 6 ақпанда, сағат 11.00-де барлық дыбыстық электр дабылдары қосылды.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

СПОРТ

Жоғарғы Сот, Судьялар одағының Жоғарғы Сот және Астана қаласы бойынша филиалдары, сондай-ақ Астана қалалық соты судьялар мен сот қызметкерлерінің қысқы спартакиадасын өткізді.

СПАРТАКИАДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Жарыстың ашылу салтанатында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев пен Астана қалалық сотының төрағасы Ақан Жұмағұлов қатысушыларға спорттық бәсекеде жеңіс тіледі.

Өз сөзінде А.Мерғалиев бұл турнир қатысушылардың спорттық рух пен салауатты өмір салтын ұстануын нығайта

түсетініне сенім білдірді. Шуақты, бірақ аязды күн жарыстың қызығын арттыра түсті: қатысушылар жеңіске жетуге бар күш-жігерлерін салды.

Шаңғы жарысына елордалық соттардың 50-ге жуық судьясы мен Сот әкімшілігінің қызметкерлері қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, қатысушы-

лардың жеңіске деген ерік-жігерлері атап өтілді.

Жарысқа қатысушылар, сондай-ақ арқан тарту және доппен ойындар бойынша өзара бәсекеге түсті.

**Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі**



АЙМАҚ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Ауылдық елді мекендер тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында былтыр республикада 2000-ға жуық «Құқық кабинеттері» ашылған еді.



Оның 120-сы Жамбыл облысының үлесіне тиді. Облыстық әділет департаментінің басшысы Нұрғали Андасовтың айтуынша, «E-ZanKomegi» заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде заң көмегі ұсынатын 2 мыңнан астам адвокат пен заң кеңесшілерінің 187-сі (146-сы адвокат, 41-і заң консультанттары) Жамбыл облысында.

«Е-нотариат» бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі арқылы Жамбыл облысының тұрғындары 2024 жылы нотариусқа бармай-ақ 2352 онлайн-сенімхатты, 757 онлайн-келісімді заңды түрде ресімдей алды. Ал «Сот орындаушысы роботы» арқылы өңірде 583 014 797 теңге сомасын құрайтын 27 421 мыңнан астам атқарушылық іс қозғалды. Азаматтардың пайда-сына үнемделген сома 28 млн теңгені құрады.

Мемлекет басшысы 2023 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Халықтың құқықтық сауатын дәйекті түрде арттырып, қоғам санасына адами құндылықтарды сіңірген жөн. Әрбір азамат өз сөзі мен әрекетіне заң тұрғысынан есеп беріп, оның құқықтық салдары қандай болатынын нақты түсінуге тиіс», – деген еді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «ЕГЭС – Актив» ЖШС (БСН 131240018137) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Мәлік Ғабдуллин көшесі, 18-үй, Блок Е, 111-кеңсе.

3. «Казахстанская Инновационная Корпорация» ЖШС (БСН 131240020812) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Таха Хусейн көшесі, 5/1-үй, 4-кеңсе.

4. «BARS int» («БАРС инт») ЖШС (БСН 131240020901) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жастар шағын ауданы, Таха Хусейн көшесі, 5/1-ғимарат, 4-кеңсе.

5. «Астана ЖБИ» ЖШС (БСН 131240020064) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Таха Хусейн көшесі, 5/1-үй, 4-кеңсе.

6. «ТАУКЕ» өндірістік кооперативі (БСН 980640004343) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар а/о, Үлгілі ауылы, Б.Қуатбайұлы көшесі, 25-үй.

9. «BAIAQUA» ЖШС (БСН 091040008797) (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 2 шағын ауданы, 15-үй, 5-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 29 ықшам ауданы, 222-ғимарат, тел. 87076809141.

10. «Med Universe» ЖШС (БСН 210140016399) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, 59-үй, тел. 87018708881.

11. «KAZ KING Logistics» ЖШС (БСН 230140009945) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Думан ықшам ауданы, Боровое көшесі, 41-үй, тел. 87026781420.

14. «Улан-Нурлан» ЖШС (БСН 171140038541) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Рысқұлов ауылы, Бағбандық Серіктестік Урожай, Сиренева көшесі, 23-үй.

15. «Халық жанашыры» жеке қоры ЖШС (БСН 231040009072) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Бұқар-Жырау ауданы, Көкпекті ауылы, Торговая көшесі, 18-үй, 3-пәтер, тел. 87084022109.

18. «Балауса Көркем» бөбекжай бақшасы» ЖШС (БСН 210400003781) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, Ұланбек Аргынбеков көшесі, 32-үй, пошта индексі 160700.

ӨРТУРА

12. «Cash-U» ЖШС (БСН 200540020300) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 160011, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Жолдир Адырбеков көшесі, 34, Керуен бизнес орталығы, 207-кеңсе, тел. 87072220020.

13. «Евротранс Групп» ЖШС (БСН 061040013592) «Евротранс» акционерлік қоғамы болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 23/1, e-mail: info@eurotrans.kz, +7712573888.

16. «МҚҰ Kronos Credit» ЖШС «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 7-бабы 2-бөлігі 1-тармағының талаптарына сәйкес өзінің Қарыз алушыларына заңды мекенжайының жаңа мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: пошта индексі 050034, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 212/1 ғимарат, 318-кабинет.

19. Жарқайың ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 241240002619) өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Ол Жарқайың ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (БСН 241240002579) біріктіріліп, «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылады.

Шағым Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Захаров көшесі, 37 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Байланыс телефоны 8 (71648) 9-15-31.

20. Жарқайың ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 241240002619) өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Ол Жарқайың ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (БСН 241240002619) біріктіріліп, «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылады.

Шағым Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Захаров көшесі, 37 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Байланыс телефоны 8 (71648) 9-26-17.

МҰРАГЕРЛІК

7. 02.09.2024 жылы қайтыс болған Дәрібаев Бексөттың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

8. 25.07.2017 жылы қайтыс болған Түрсинбаева Уғулпачаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

Шымкент қаласының және Түркістан облысының «мандандырылған күзет қызметі басқармасы» ММ-сі ұжымы

Ғазиза Бәкірқызы Абсаматованың

қайтыс болуына байланысты отбасы және жақындарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Алматы қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, КХО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**(Соңы. Басы өткен
№ 11, 12 сандарда)**

– Қылмыскерді ұстауға барған ер-азаматтардан қалыспаймын, – деді қыз.

– Атың кім?
– Әлима.

– Қарымың қалай екен, байқап көрейік, Әлима, – деп, командир оны жаттығу залына ертіп келді. Сол жерде өз салмағындағы жігіттермен жекпе-жекке шығарған. Қыз жеңбесе де, ұпай тең түсе берді. Сөйтсе, Әлима самбо спортынан халықаралық дәрежеде спорт шебері екен, полиция қатарында бірнеше жыл істеген тәжірибесі де бар. Темір Әлиманың қара басын ғана емес, қасындағы серігін де қорғай алатынына көзі жетіп, рапортына қол қойды. Бірақ Тимурдың аузынан «әйел қызметкерді құрамаға аламын» деген сөзді естігенде, Абылайдың көзі ұясынан шығып кете жаздаған:

– Әй, Темір-ай, қалалық ішкі істер басқармасының бастығы бұл шешіміңе үзілді-кесілді қарсы болады, көр де тұр! – деп қысқа қайырды ол.

– Оны көреміз, – деп Темір де өз дегенінен қайтпады. Шынында да, жоғарғы жақ командирдің сөзін тыңдағысы да келмеген. Сөйткенде Темір Әлимаға:

– Уайымдама, жаттығудан қалмай келе бер, келесі жылы көреміз, – деді.

Әлима бір жыл бойы оқу-жаттығудан қалмады. Жігіттермен жекпе-жекке шыққанда, есесін жібермейтін. Жаттығу кезінде жүріп бара жатқан автокөліктің үстінен секіргенде, басқалар сияқты жерге аяғы тиген соң, бір аунап түсіп, аяққа тік тұрады. Қайтсе де, қасындағы жігіттерден қалыспауға тырысады. Он екі килограмм болатын оққағар кеудешесімен аптасына үш рет алты шақырым жүргенде, елу қызметкердің арасында межеге бесінші болып жетеді. Күн сайын екі мезгіл күрес, көздеп ату, штанга, футбол, суға жүзуден жаттығуға барады. Ішкі істер басқармасындағылар қыздың қайсарлығын көріп, рапортына қол қойды.

Сенбі болған соң, Алматыдан келген қызметкерлер өздері тұрып жатқан үш бөлмелі пәтерді жуып-шайып, әбден тазалады. Араларында тамақты дәмді әзірлейтін Серік деген жігіт пәлау пісіріп, буы бұрқыраған тамақты енді ауызға ала бергенде, үй телефоны шылдыр етті. Хабарласқан Астана қаласының кезекші бөлімі арнайы мақсаттағы бөлімді шұғыл көтеру туралы бұйрық түскенін жеткізді. Жігіттер алдарындағы тамаққа да қарамай, тез-тез киініп, кішігірім автобусқа отыра сала, кезекші бөлімге тартып кетті. Жылдам жетіп, оққағар кеудешелерін киіп, қолдарына қару-жарағын ала сала, тергеу изоляцияна келіп жеткенде, ішкі істер басқармасы, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері, министрліктің лауазымды адамдарының барлығы да осында жүргенін байқады.

Темір жан-жағына қарап, алыстан генерал Ганмен сөйлесіп тұрған

Абылайды көрді. Қастарына барып, генералға арнайы жасақтың толығымен қаруланып, айтылған уақытта жеткенін баяндады. Осы кезде генерал:

– Төтенше жағдай болды, өлім жазасына кесілген үшеу түрме бақылаушыларын кепілдікке алды, – деді.

Жазасын өтеп жатқан қылмыскерлер басқа камералардың да есігін ашып жіберіпті. Темір арнайы жасақты үш топқа бөліп, үш жерден басып кіруге шешім қабылдады. Өзі алдыңғы топта болды. Осы кезде Абылай келіп:

құйып жібергендей болды. «Барма» деп айта алмайды. Бұйрықтың құлы болған соң, үнсіз іштен тынды.


– Күткізіп қойғаны дұрыс болмады, өзің-ақ жігіттеріңмен бұл шаруаны тез бітірер едің. Аналар келгенше, адам шығыны болады, көр де тұр! – деп, түтігіп, басын шайқап кетіп қалды.

Жедел қызметкерлер жағдайды зерттей келе, бесінші корпусқа өлім жазасына кесілген 14 қылмыскердің отырғанын анықтаған. Мұндайлар аса қауіпті топқа жатады, тағдыры

сүйеніп тұрып, қылмыскерлермен ұзағырақ сөйлесіп тұратын көрінеді. Екі сотталушы сондай бір сәтті пайдаланып қалғысы келеді. Ағаш нардың шегесін суырып алып, біздей етіп ұшын шығарып қайрайды. Есікті ашып-жапқан кезде құлыптың ысырмасы толық орнына түспей қалу үшін ойығын нан жұмсағымен толтырады. Ауысым кезекшісі Баранов №3 камераның есігін ашып қалған кезде екеуі оны ұрып жығып, кепілге алады. Оқиғаны көзі шалып

адан бір жұтайық, сосын не істеймін десеңдер өз еріктерің» деп, бір кезде автокөлік сұрады. Қылмыскерлер қалжырап, әбден шаршаған кезде жүйкелері жұқара бастағандай. Түнгі үштің кезінде журналистерді шақыруды талап еткен. «Жақсы, сұрағандарың болады» деді Абылай. Ол неғұрлым уақыты соза түсті. Өрең дегенде таңғы сағат жеті болған. Осы кезде Алматыдан арнайы мақсаттағы бөлім де келіп жетті. Күндізгі сағат 14:00-ден бастап, таңғы сағат 07:00-ге дейін қас қақпай, кез келген тапсырманы орындауға дайын тұрған «Арланның» қызметкерлері де командир бұйрығын күткен. Қылмыскерлер іштегі адамдарды қалқан қыла ма деген қауіп басымы болып, қаруды қолдану-қолданбау жөнінде біраз мәселе туды. Ақыры: «операция шиленіскен жағдайда ғана қару қолданылсын» деген шешім қабылданды. Ғимаратқа басып кіру жоспарын пысықтап алған соң, арнайы жасақ қызметкерлері шұғыл іс-әрекетке кірісті.

СЫНБАС СЕМСЕР



қалған ауысым контролері сержант Мұратов дәліз есігін жауып, жедел әрекетке көшкен еді. Тәртіп бойынша ол орын алған оқиға туралы жедел хабарлауы тиіс болатын. Бірақ сержант Баранов оған: «есікті аш, әйтпесе мені өлтіреді» дейді ышқынып. Әріптесінің сөзіне құлақ асып, Мұратов есікті ашқан соң, өзі де кепілге түседі. Барлық есіктердің кілті қолдарына тиген соң, Ақбергенов пен Мельников 22 камераның есігін ашып жіберіп, басқа қылмыскерлерді де бүлікті қолдауға шақырады. Алайда оларға Мартыновтан басқа ешкім қосылмаған еді.

Түн іші болды. Полковник Абылай Қайсенов бүлікшілермен келіссөз жүргізе бастады. Келіссөз неғұрлым ұзағырақ жүрсе, қылмыскерлер кепілге алынғандарды босату ықтималдылығы соғұрлым жоғары болатынын ол тәжірибесінен білетін. Кепілге алынғандардың жағдайы қиын екенін Қайсенов жақсы түсінді. Келіссөз барысында:

– Бізге автомат, противогаз беріңдер, – деді қылмыскерлер.

Противогаз сұрағаны, әскерилер газбен тұншықтырады деп қорықса керек. Ал енді сұраған қаруды қолдарына ұстатса, құрбандар саны әлдеқайда көбейетіні сөзсіз. Сондықтан бұл талаптың орындалуы екіталай. Мұны Абылай жақсы түсінді, бірақ «уақыт ұту керек» деген шешімге келді.

– Сұрағандарың қазір жеткізіледі, – деп, сөзбен алдарқатып, уақытты тағы да соза түсті. Жағдай ұшыққанда, сұраған противогаздарын кіргізген. Қару берілмеген соң, жауыздар кепілге алынғандарды шыңғырта бастады. Мұратовты өтпейтін пышақпен бауыздамақ болып, әбден азаптап жатқаны білінді. Түн ортасы ауғанда, оның қансыраған денесін далаға лақтырып тастаған. Таңғы сағат төрттерде Мұратов ота үстінде жан тапсырды. «Ақылға келіндер» деген сөзді өлім жазасына кесілгендер түсінбеді. «Бізді қалжындап отыр деп ойламаңдар» деп Барановтың бұғанағын сындырды. Қатты шок алған Азаматов болса, азат етілгеннен кейін бір жұмадай өз-өзіне келе алмаған.

Қылмыскерлер ұшақ сұрап, біраздан кейін ол ойларынан айныды. Абылай осыдан да үш қылмыскердің араларында ауызбіршілік жоқ екенін байқаған. «Бізге сыртқа шығуға мұрсат беріңдерші, таза ау-

– Бұйрық берілмей тырп етпейдер, астаналық арнайы жасақ енді ғана құрылып жатқандықтан, дайындығы кем десе керек, Ішкі істер министрлігі бұйрық шығарып, Алматыдан арнайы мақсаттағы бөлімді шақыртыпты. Олар шұғыл көтеріліп, әуежайға бет алса керек, – деді.

Амал жоқ, Темір қызметкерлерін өзі белгілеген үш бағытта орналастырды да, күтуді бұйырды. Жағдай сағат сайын, минут сайын өзгерді. Кепілге алынғандардың тағдыры қыл үстінде еді, себебі, өлім жазасына кесілген қылмыскерлердің аяматын еш нәрсесі жоқ, олардан барлығын күтуге болатын. Қалалық ішкі істер басқармасы мен Ішкі істер министрлігі қызметкерлерінің барлығы аяғынан тік тұрды. Абылай Темірдің қасына келіп, басын шайқап:

– Не болса да, жедел әрекетке көшкен дұрыс, жағдай ушығып барады, – деді өңі түтігіп.

– Бізге күтуге пәрмен берілді, басқа амал жоқ.

– Қылмыскерлермен келіссөз жүргізе бастау керек, әйтпесе қазір кепілге алынғандарды жазым ете бастайды. Уақытты өткізіп алдық, бәрі кеш.

Темір Абылайдың мына сөзін естігенде, біреу үстіне мұздай су

шешіліп қойған соң, ондайлар ештемеден тайынбайды. Сонымен қатар, карцерде жатқан 12 адам бар екен, олардың ішінде біреуі әйел, екіншісі кемелетке толмаған жасөспірім. Кепілге алынғандар: аға лейтенант Баранов, кіші сержант Мұратов пен қатардағы жауынгер Азаматов болып шықты.

Барлаушылар жұмысының арқасында корпусстың ішінде не болып жатқанын білу қиын болған жоқ. Тұтқындардың өзара әңгімесінен оқиғаны ұйымдастырушылардың кім екендері анықталды. Олар өлім жазасына кесілген Ақбергенов, Мельников пен Николай Мартынов үшеуі екен.

Оқиға былай болған. Бір камерада отырған Ақбергенов пен Мельников бақылаушыны кепілге алуды жоспарлайды. Тергеу изоляторы камераларының ішкі есігі ағаш, сыртқысы темір тор есік болатын. Тәртіп бойынша түнгі ауысым кезінде ішкі есікті ашуға үзілді-кесілді тыйым салынған. Бірақ бақылаушылардың ішінде аға лейтенант Баранов сол талапты орындамайтын көрінеді. Ақбергенов пен Мельников соны байқапты. Кешкі асты тарататын кезде Баранов үнемі ішкі есікті ашып, тор есікке

активтер (стартаптар, акциялар, криптовалюта) үлкен табыс алып келуі мүмкін, бірақ жоғалту қаупі де жоғары.

Сонымен қатар инвесторлар тәуекелге деген төзімділігін анықтап, соған сәйкес инвестициялық стратегия құруы қажет. Инвестициялаудың заңдық аспектілерін білу маңызды. Акция, облигация, жылжымайтын мүлікке немесе криптовалютаға салынатын инвестицияның салықтық ерекшелігі бар. Әр елдің өзіне тән қаржылық реттеу заңдары бар (мысалы, лицензиялау, декларациялау талаптары).

Инвестор заң талаптарын сақтап, салық жүктемесін оңтайландыру стратегиясын жасауы керек. Қорытындылай келе инвестициялау – білім мен стратегияны талап ететін күрделі процесс. Табысты инвестор болу үшін:

- тәуекел мен табыстылықтың байланысын түсіну керек;
- диверсификация арқылы қоржынды теңгерімді ету қажет;
- ұзақ мерзімді инвестициялау және құрама пайызды пайдалану маңызды;
- нарықтық циклдерді және құбылмалылықты ескеру керек;
- ақпаратқа сүйеніп, эмоцияны басқару қажет;
- құқықтық және салықтық заңдарды ескерген жөн.

Бұл заңдылықтарды түсініп, ұстанатын инвесторлар ұзақ мерзімде тұрақты табысқа қол жеткізе алады.

Тұрар СЫДЫҚОВ,
заңгер

БІЛГЕН ЖӨН

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІ ҚАЛАЙ АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ?

Бүгінгі күні инвестиция экономикалық өсудің негізгі әрі елдің әлеуметтік дамуына жағдай жасайтын негізгі құралдың бірі болып отыр. Жалпы, инвестициялық қатынастар Кәсіпкерлік кодекстің 273-бабымен реттеледі. Инвестициялау процесі белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Бұл заңдылықтар инвесторларға капиталды тиімді басқаруға, тәуекелдерді азайтуға және ұзақ мерзімді табысқа жетуге көмектеседі.

Кез келген инвестицияның негізгі заңдылығы – тәуекелі жоғары болған сайын, оның табыстылық мүмкіндігі де жоғары бо-

лады. Төмен тәуекелді активтер (мысалы, мемлекеттік облигациялар) аз пайда әкеледі, бірақ сенімдірек. Жоғары тәуекелді

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан Нұрлыбек
облысы Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабайлау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6400 дана
Апталық таралым 12 800 дана
Тапсырыс №26 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31